

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Қ.Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институты

Химиялық және биохимиялық инженерия кафедрасы

6B05101 – Химиялық және биохимиялық инженерия

Темирбекова Гаухар Хайдарқызы
Бахрадин Элина Әділжанқызы

«Меланома дамуындағы микроРНҚ молекулаларының рөлі: болжамды нысана гендер мен
биомаркерлердің биоинформатикалық сипаттамасын зерттеу»

Дипломдық жобаға
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

6B05101 – Химиялық және биохимиялық инженерия

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Қ.Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институты

Химиялық және биохимиялық инженерия кафедрасы

6B05101 – Химиялық және биохимиялық инженерия

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ



Дипломдық жобаға
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА


«Меланома дамуындағы микроРНҚ молекулаларының рөлі: болжамды нысана гендер мен биомаркерлердің биоинформатикалық сипаттамасын зерттеу»

6B05101 – Химиялық және биохимиялық инженерия

Орындаған

Бахрадин Э. Ә.
Темирекова Г. Х.

Пікір беруші:
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті, биология және биотехнология
факультеті, биофизика, биомедицина және
нейроғылым кафедрасының PhD, аға
оқытушысы

 Есенбекова А.Е.
"11" 06 2025 ж.

Ғылыми жетекші: PhD.,
қауым. профессор

 Белкожаев А.М.
"11" 06 2025 ж.

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Қ.Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институты

Химиялық және биохимиялық инженерия кафедрасы

6B05101 – Химиялық және биохимиялық инженерия

БЕКІТЕМІН

«Химиялық және
биохимиялық инженерия»
кафедрасының меңгерушісі,
х.ғ.к. қауым профессор
 Мангазбаева Р.А.
"12" 06 2025 ж.

**Дипломдық жобаны орындауға арналған
ТАПСЫРМА**

Білім алушылар: Темирбекова Гаухар, Бахрадин Элина

Тақырыбы: «Меланома дамуындағы микроРНК молекулаларының рөлі: болжамды нысана гендер мен биомаркерлердің биоинформатикалық сипаттамасын зерттеу»

Оқу жұмысы жөніндегі проректордың 2025 жылғы 29 қаңтардағы № 26-П/Ө бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жұмыстың тапсыру мерзімі: «13» 06 2025 ж.

Дипломдық жобаның әзірлеуге жататын мәселелер тізімі:

а) Меланома патогенезіне қатысы бар маңызды микроРНК молекулаларын және гендерін биоинформатикалық мәліметтер базалары негізінде анықтау;

б) Анықталған микроРНК молекулаларының болжамды нысана-гендерін TargetScan, miRDB секілді баздарламалар арқылы болжау және олардың байланысу сайттарын *in silico* әдістермен сипаттау;

в) Меланомаға тән микроРНК молекулаларының биомаркер ретіндегі диагностикалық және прогностикалық құндылығын *in silico* талдау нәтижелері негізінде болжамды эксперименттік жоспар құру және оны BioRender платформасында визуализациялау;

Графикалық материалдар тізімі (міндетті сызбаларды дәл көрсете отырып):

Жұмыс презентациясы слайдтарда 13 көрсетілген

Ұсынылған негізгі әдебиеттер: 35 атаулардан тұрады.

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлім атаулары, дайындалатын сұрақтардың тізімі	Ғылыми жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
Әдебиетке аналитикалық шолу	31.01.2025	-
Материалдар мен әдістер	28.02.2025	-
Зерттеу қорытындылары: жасалған жұмыстар	30.05.2025	-

Аяқталған дипломдық жобаның және оларға қатысты диплом жобасының бөлімдерінің
кеңесшілерінің және қалып бақылаушыларының
қолдары


Бөлімдер атауы	Кеңесшілер тегі, аты, әкесінің аты, (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Әдебиетке аналитикалық шолу	Белкожаев А.М.	31.01.2025	
Материалдар мен әдістер	Белкожаев А.М.	28.02.2025	
Зерттеу қорытындылары: жасалған жұмыстар	Белкожаев А.М.	30.05.2025	
Норма бақылаушы	Белкожаев А.М.	12.06.2025	

Ғылыми жетекшісі



Белкожаев А.М.

Білім алушылар тапсырманы орындауға алды



Бахрадин Э. Ә.
Темирбекова Г. Х.

Күні

«12» 06 2025 ж.

АНДАТПА

«Меланома дамуындағы miRNA молекулаларының рөлі: болжамды нысана гендер мен биомаркерлердің биоинформатикалық сипаттамасын зерттеу» атты дипломдық жоба 40 бетте баяндалған. Дипломдық жоба құрылымы кіріспе және 3 бөлімнен (ғылыми әдебиет көздеріне шолу, қолданылған материалдар мен тәсілдер және зерттеу нәтижелері) тұрады. Дипломдық жұмыс мәтіні 5 кесте және 18 сурет көрсетілген. Зерттелген ғылыми әдебиеттер саны – 35.

Зерттеу жұмысының мақсаты: miRNA-дың онкологиялық ауруларда негізгі рөл атқаратын нысана гендердің mRNA-мен әрекеттесуін *in silico* жағдайында зерттеу. Дипломдық жобаның міндеттері: Биоинформатикалық бағдарламалардың көмегімен онкологиялық ауруларда, соның ішінде меланома катерлі ісігінде негізгі қызмет атқаратын гендерді анықтап, тізімін жасау; Электрондық дерекқорлар базасынан (NCBI, TargetScan, BioRebder) негізгі miRNA-ның нысана-гендерін және олардың байланысу ерекшеліктерін анықтау; TargetScan компьютерлік бағдарламалардың көмегімен miRNA-ның байланысатын онкологиялық нысана гендерін іздеп, болжамды биомаркерлерды табу.

Түйін сөздер: miRNA, mRNA, гендер, NCBI, TargetScan, miRDB, BioRender.

АННОТАЦИЯ

Дипломный проект «Роль молекул miRNA в развитии меланомы: исследование биоинформатических характеристик генов-мишеней и биомаркеров-мишеней» изложена на 40 страницах. Дипломная проект состоит из введения в структуру и 3 частей (обзор источников научной литературы, использованных материалов и подходов и результатов исследований). Текст дипломного проекта представлен 5 таблицами и 18 рисунками. Количество изученной научной литературы - 35.

Цель исследовательской работы: изучить взаимодействие miRNA с mRNA генов-мишеней, играющих ключевую роль в онкологических заболеваниях в условиях *in silico*. Задачи дипломного проекта: с помощью биоинформатических программ выявлять и составлять список генов, которые выполняют основную функцию при онкологических заболеваниях, в том числе при раке меланомы; определять гены-мишени основной miRNA и особенности их связывания в базе электронных баз данных (NCBI, TargetScan, BioRender) и с помощью компьютерных программ TargetScan и miRDB осуществлять поиск и обнаружение прогностических биомаркеров.

Ключевые слова: miRNA, mRNA, гены, NCBI, TargetScan, miRDB, BioRender.

ANNOTATION

The diploma project «The role of miRNA molecules in the development of melanoma: a study of bioinformatic characteristics of target genes and target biomarkers» is presented on 40 pages. The structure of the diploma project includes an introduction to the structure and 3 sections (review of sources of scientific literature, materials and approaches used, and research results). The text of the diploma is presented in 5 tables and 18 figures. The number of scientific literature studied is 35.

The purpose of the research is to study the interaction of miRNA with mRNA of target genes that play a key role in oncological diseases *in silico* conditions. Objectives of the thesis: using bioinformatics programs, identify and compile a list of genes that perform the main function in oncological diseases, including melanoma cancer; identify the target genes of the main miRNA and their binding features in the database of electronic databases (NCBI, TargetScan, BioRender) and use the computer programs TargetScan and miRDB to carry out search and detection of prognostic biomarkers.

Keywords: miRNA, mRNA, genes, NCBI, TargetScan, miRDB, BioRender.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	9
Негізгі бөлім	10
1 Әдебиетке шолу	10
1.1 Меланома – тері қатерлі ісігі	10
1.2 Меланоманың қауіп факторлары	11
1.3 miRNA және оның биогенезі	12
1.4 Онкогендік miRNA	14
1.5 <i>BRAF</i> және <i>MITF</i> генінің рөлі және оның меламомадағы мутациялары	15
2 Зерттеу материалдары мен әдістері	
2.1 Зерттеуде қолданылатын биоинформатикалық бағдарламалар	18
2.2 NCBI сайтында гендердің құрылысы мен қызметін анықтау	18
2.3 TargetScan базасымен жұмыс жасау	19
2.4 BioRender платформасы: биологиялық процесстерді визуализациялау құралы	21
2.5 miRDB программасы бойынша miRNA молекулаларын анықтау	21
3 Нәтижелер мен талқылаулар	
3.1 Меланома патогенезіне қатысы бар маңызды miRNA молекулаларын және гендерін биоинформатикалық мәліметтер базалары негізінде анықтау	23
3.2 Биоинформатикалық TargetScan бағдарламасының көмегімен есептелінген жұмыстың нәтижелері	24
3.3 miRDB бағдарламасының көмегімен жүргізілген салыстырмалы жұмыстар	29
3.4 miRNA молекулаларын негіздей отырып меланома патогенезін алдын алу және емдік әдістерін құру мақсатында жүргізілетін эксперименттік жұмыстарға болжамдық сызбанұсқасы.	32
Қорытынды	35
Қысқартулар тізімі	36
Әдебиеттер тізімі	37

КІРІСПЕ

Қазіргі таңда қатерлі ісік аурулары дүние жүзінде адам өліміне әкелетін негізгі себептердің бірі болып табылады. Бұл дерттің кең таралуы мен оның ерте кезеңде анықталуының қиындығы ғылыми ортада осы аурудың пайда болу жолдарын тереңірек зерттеуге қызығушылық тудырып отыр. Соңғы жылдары қатерлі ісіктің молекулалық негіздерін түсіндіруде miRNA молекулаларына ерекше көңіл бөлінуде, себебі олар жасуша ішіндегі биологиялық процестерге белсенді қатысады. miRNA адамның әртүрлі физиологиялық және патологиялық жағдайларында, соның ішінде онкологиялық үдерістерде айтарлықтай рөл атқарады.

Зерттеу өзектілігі. Қазіргі заманғы биологияда *in vitro*, *in vivo*, және *in silico* тәсілдері кеңінен қолданылады. Әсіресе *in silico* зерттеулер биологиялық процестерді модельдеуге мүмкіндік беріп, уақыт пен қаржы жағынан үнемді әдіс ретінде ерекшеленеді. Бұл бағыт биоинформатиканың дамуына жол ашып, молекулалық зерттеулерді жаңа деңгейге көтеріп отыр. Қатерлі ісікке қатысы бар miRNA-ларды анықтау және олардың mRNA-мен әрекеттесуін болжау ісікке қарсы жаңа диагностикалық және терапиялық әдістерді жасауға көмектеседі.

Зерттеу мақсаты. miRNA-ның онкологиялық аурулардағы қызметін *in silico* тәсілімен анықтап, олардың мақсатты mRNA-мен байланысын зерттеу. Зерттеу мақсатына келесі міндеттер қойылды:

1. Меланома патогенезіне қатысы бар маңызды микроРНК молекулаларын және гендерін биоинформатикалық мәліметтер базалары негізінде анықтау.
2. Анықталған микроРНК молекулаларының болжамды нысана-гендерін TargetScan, miRDB секілді бағдарламалар арқылы болжау және олардың байланысу сайттарын *in silico* әдістермен сипаттау.
3. Меланомаға тән микроРНК молекулаларының биомаркер ретіндегі диагностикалық және прогностикалық құндылығын *in silico* талдау нәтижелері негізінде болжамды эксперименттік жоспар құру және оны BioRender платформасында визуализациялау.

Ғылыми жаңалығы. miRNA мен mRNA арасындағы өзара әрекеттестікті болжау арқылы олардың онкологиялық процестердегі рөлін сипаттау.

Зерттеу нысаны. miRNA және гендердің нуклеотидтік тізбектері.

Зерттеу әдістері: NCBI, TargetScan, Biorender және miRDB компьютерлік бағдарламалары.


Жұмыстың орындалу базасы. Satbayev University-нің химиялық және биохимиялық кафедрасының компьютерлік класстарында *in silico*-лық, яғни биоинформатикалық зерттеу жұмыстары жүргізілді. М. Ә. Айтхожин атындағы молекулярлық биология және биохимия институтында Белкожаев А.М. кеңесшілігімен практикадан өту барысы жүргізілді.

1 Әдебиетке шолу

1.1 Меланома - тері қатерлі ісігі

Меланома - бұл жоғары агрессиямен сипатталатын қатерлі ісік, бұл ісік метастаздануға жақсы бейімделген. Ең бірінші кезекте, қан немесе лимфа арқылы бастапқы ісіктен бөлінген қатерлі жасушалар басқа ағзалар мен тіндерге таралуына алып келеді. Меланоманың метастаздану жолдары бірнеше негізгі механизмдерден тұрады. Лимфогенді метастаздану - меланоманың таралуының ең ерте және жиі кездесетін жолдарының бірі [1]. Қатерлі ісік жасушалары лимфа тамырлары арқылы өтіп, жақын орналасқан лимфа түйіндеріне жетіп, сол жерде көбейе бастайды. Осылайша, лимфа жүйесінің құрылымдық ерекшеліктері бұл процестің жылдам жүруіне ықпал етеді. Әдетте, метастаздың алғашқы белгілері ісіктің орналасуына сәйкес келетін аймақтық лимфа түйіндерінде байқалады. Бұл түйіндер метастазға ұшыраған жағдайда ұлғайып, тығыздалып, кейбір жағдайларда ауырсыну сезімін тудыруы мүмкін [2]. Меланоманың ең қауіпті таралу жолдарының бірі – қан арқылы, яғни гематогенді метастаздану. Бұл механизм кезінде ісік жасушалары қан айналымына еніп, дененің алшақ орналасқан мүшелеріне таралады. Мұндай жағдайда метастаздар көбінесе бауырда, өкпеде, сүйектерде және ми қабаттарында тарайды, себебі бұл мүшелер меланома үшін күшті нысана болып қалыптасады [3]. Өкпеге таралған метастаздар әдетте тыныс алу қиындауымен, жөтелмен және кей жағдайларда қан аралас қақырықпен байқалады. Егерде осы кезде меланома бауырға таралса, бұл сарғаюмен, бауыр көлемінің ұлғаюымен және іштің жоғарғы жағындағы ауырсынумен көрініс табады. Ал миға метастаздану жүйке жүйесінің бұзылуына әкеліп, бас ауыруы, жүрек айну, көру қабілетінің нашарлауы мен қозғалыс үйлесімінің бұзылуы тәрізді белгілер көрсетуі мүмкін [4]. Меланоманың сүйекке метастаздануы кезінде науқас қатты ауырсынуды сезінуі мүмкін, сондай-ақ патологиялық сүйек сынулары мен қандағы кальций деңгейінің жоғарылауына тән белгілер пайда болады. Бұдан бөлек, меланома имплантациялық жолмен, яғни физикалық жолмен де таралуы ықтимал. Мұндай жағдайда ісік жасушалары хирургиялық араласу немесе биопсия барысында сау тіндерге таралу қаупі бар [5]. Терідегі спутниктік метастаздар – бұл бастапқы ісікке жақын орналасқан, әдетте лимфа жолдары арқылы таралатын метастаздық ошақтар. Олар меланоманың агрессивті сипатын көрсететін маңызды көрсеткіштердің бірі болып саналады. Меланоманың метастаздану қарқыны мен таралу бағыты ісік тінінің молекулалық және генетикалық сипаттамаларына, науқастың иммундық жүйесінің белсенділігіне, сондай-ақ, қолданылатын емдеу әдістеріне байланысты өзгеріп отырады. Сондықтан меланоманы ерте кезеңде анықтау және дер кезінде

дұрыс ем қолдану – метастаздың даму қаупін азайтудың ең тиімді жолы [6] (1-сурет).



1 Сурет - Меланоманың метастазы.

1.2 Меланоманың қауіп факторлары

Меланома көбінесе жүйелі сипатта дамып, айқын белгілерсіз өтуі мүмкін. Бұл ісік түрі миға метастаз беретін жағдайлар арасында ересектерде ең жиі кездесетін себептердің бірі болып саналады. Әрине, меланома сирек кездесетін қатерлі ісік түрлерінің қатарына жатады, дегенмен, соңғы жылдары тері меланомасының таралу жиілігі әлем бойынша артып келе жатқаны байқалуда. Бұл жағдай оны жаһандық деңгейдегі маңызды медициналық мәселеге айналдырып, қосымша ғылыми зерттеулер жүргізуді қажет етеді [7]. Бүгінде тері меланомасын емдеуде хирургиялық алып тастау (резекция) кеңінен қолданылып келеді, сонымен қатар сәулелік терапия, химиотерапия, иммунотерапия және мақсатты терапия сияқты қосымша әдістер де пайдаланылады [8]. Алайда қазіргі емдеу тәсілдері әлі де тиімділігі төмен болып отыр, ал емделген науқастардың өмір сүру ұзақтығы мен болжамы қанағаттанарлық деңгейде емес. Осыған байланысты, ем нәтижесін жақсарту үшін меланоманы ерте кезеңде анықтап, тиісті ем жүргізуге көмектесетін молекулалық маркерлерді енгізу ерекше маңызға ие [9].

Меланоманың дамуында бірқатар қауіп факторлары маңызды рөл атқарады. Біріншіден, генетикалық және тұқым қуалаушылық алғышарттар – басты факторлардың бірі. Отбасында меланома деректері болған жағдайда,

бұл аурудың даму қаупі айтарлықтай артады. Сонымен қатар, ашық түсті тері жамылғысы, денеде көптеген меңдер мен қалдардың болуы ауруға шалдығу ықтималдығын жоғарылатады.

Екіншіден, ультракүлгін сәулелену – меланоманың негізгі себептерінің бірі. Күн сәулесіне шамадан тыс ұзақ түсу, әсіресе бала жаста бірнеше рет күйіп қалу, сондай-ақ солярийді жиі қолдану тері жасушаларында мутациялардың пайда болуына себеп болуы мүмкін.

Үшіншіден, адамның тері типі де маңызды фактор болып саналады. Өте ашық түсті тері, көк немесе жасыл түсті көздер, сепкілдердің көп болуы, асимметриялы немесе қалыпсыз меңдердің кездесуі және диспластикалық невустар (қалыптан тыс меңдер) меланоманың пайда болу қаупін арттыра түседі (2-сурет. Схемалық сурет. Дереккөз: Biorender платформасы арқылы жасалған).

Төртіншіден, иммундық жүйенің әлсіреуі де аурудың дамуына себеп болуы мүмкін. Осы себепті меланоманың алдын алу үшін күннен қорғайтын шараларды сақтау, терідегі өзгерістерге мұқият болу және қажет болған жағдайда дерматологқа дер кезінде жүгіну маңызды [10].




2 Сурет – Қатерлі меңдердің негізгі белгілері.

1.3 miRNA және оның биогенезі

miRNA (микроРНК) — ұзындығы 18-24 нуклеотидтен тұратын ұсақ реттеуші РНК молекулалары. Олар гендердің жұмысын транскрипциядан

кейінгі кезеңде басқарып, ақуыз синтезіне тікелей немесе жанама түрде әсер етеді. Бұл молекулалардың түзілуі бірнеше кезеңнен тұратын күрделі биогенездік үдерістер арқылы іске асады және жасуша ішіндегі молекулалық механизмдермен мұқият реттеліп отырады [11]. Ең алдымен, miRNA гендері жасуша ядросында RNA полимераза II немесе III ферменттерінің қатысуымен транскрипцияланады. Бұл үдеріс нәтижесінде ұзын бастапқы транскрипт – pri-miRNA түзіледі. Кейіннен бұл молекула арнайы ядролық ферменттік кешен арқылы өңделіп, прекурсорлы miRNA (pre-miRNA) қалыптасады. Бұл кезеңде Drosha эндонуклеазасы мен DGCR8 ақуыздық кешені маңызды рөл атқарады. Pre-miRNA шамамен 60–70 нуклеотидтен тұратын сабақталған құрылым түзеді және экспортин-5 (XPO5) ақуызы арқылы цитоплазмаға тасымалданады. Цитоплазмаға жеткен соң, pre-miRNA молекуласы Dicer ферментінің көмегімен екі тізбекті қысқа RNA молекуласына айналады. Dicer ферменті pre-miRNA құрылымын танып, оны 22 нуклеотидтен тұратын қосарланған фрагментке дейін ыдыратады. Осыдан кейін бұл молекула Argonaute ақуыздары және басқа да кофакторлармен бірігіп, функционалды miRNA-ны құрайды. Бұл кешен RNA-индуцирленген үнсіздену кешені (RISC) деп аталады. Жасуша ішінде RISC кешені өзіне сәйкес келетін мақсатты mRNA-мен байланысып, оның трансляциясын тежейді немесе толықтай жойып жібереді, нәтижесінде гендердің экспрессиясын бақылауға мүмкіндік береді [12] (3-сурет. BioRender-ден алынған).

miRNA молекулалары әртүрлі физиологиялық және патологиялық үдерістерде маңызды рөл атқарады. Олар жасуша пролиферациясын, дифференциацияны, апоптозды және стресс жағдайларына жауап беру механизмдерін реттеуге қатысады. Бұдан бөлек, miRNA көптеген аурулардың, әсіресе онкологиялық дерттер мен метаболизмдік бұзылыстардың пайда болуына әсер етуі мүмкін. Осыған байланысты miRNA-ны зерттеу биомедицина саласында және заманауи диагностикалық тәсілдерді дамытуда ерекше орын алады [13].



3 Сурет - miRNA биогенезі.

1.4 Онкогендік miRNA

Зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей, miRNA-лардың экспрессиясының өзгеруі қатерлі ісіктердің, соның ішінде меланоманың пайда болуы мен өсуіне әсер етеді. Бұл процесте miR-21 және miR-137 ерекше рөл ойнайды, себебі олар меланоманың дамуына қарама-қайшы әсер жасайды [14]. miR-21 — онкогендік қасиетке ие miRNA ретінде танымал және ол көптеген қатерлі ісік түрлерінде, әсіресе меланома жағдайында жоғары деңгейде экспрессия көрсетеді. Бұл молекула апоптоз үдерісін басып, ісік жасушаларының өміршеңдігін арттыруға және олардың инвазиялық қабілетін күшейтуге ықпал етеді. miR-21-дің негізгі нысана-гендері қатарына *PTEN* (фосфатаза және тенсиннің гомологы), *PDCD4* (бағдарланған жасушалық өлім 4) және *RECK* (Kazal мотивтері бар цистеинге бай ақуыз) жатады [15]. *PTEN* — ісіктен сақтаушы ген, ол PI3K/АКТ сигналдық жолын реттеу арқылы жасушаның қалыпты өсуін қамтамасыз етеді. miR-21 *PTEN*-ді басу арқылы бұл жолды белсендіреді, нәтижесінде жасуша пролиферациясы мен миграциясы артады [16]. Аталған молекулалық механизм меланома жасушаларының жедел пролиферациясына және олардың басқа тіндерге метастаз жасауына ықпал етеді. miR-21, әсіресе, *PDCD4* генінің экспрессиясын төмендету арқылы апоптоз үдерістерін бәсеңдетеді. Нормалды жағдайда *PDCD4* ақуызы жасушалардың бағдарламаланған өліміне жауап береді, ал оның деңгейінің төмендеуі ісік жасушаларының ұзақ өмір сүруіне жағдай туғызады [17]. Сонымен қатар, miR-21 *RECK* ақуызының белсенділігін басу арқылы да ісік жасушаларының инвазиялық қасиеттерін арттырады. Себебі, *RECK* матрикстік металлопротеиназалар (MMP) арқылы жүзеге асатын жасушааралық матрикстің бұзылуын тежейді, ал бұл ақуыздардың белсенділігі ісіктің айналасындағы тіндерге енуіне жол ашады. miR-21 тек меланоманың агрессивтілігін арттырып қоймай, сонымен қатар ісікке қарсы қолданылатын химиотерапиялық және таргеттік препараттарға төзімділікті де күшейтуі мүмкін [18]. Зерттеулер нәтижесі бойынша, бұл miRNA *BRAF* ингибиторларына сезімталдықты төмендетіп, дәріге төзімді меланома түрлерінің қалыптасуына себеп болады. miR-21-дің жоғары экспрессиясы меланомамен ауыратын науқастардың өмір сүру ұзақтығын қысқарта отырып, оны диагностикалық және болжамдық биомаркер ретінде қолдануға мүмкіндік береді. Осыған байланысты, miR-21 экспрессиясын тежеуге бағытталған терапиялық тәсілдер меланомаға қарсы тиімді емнің жаңа бағыты ретінде қарастырылуда [19]. miR-137 — ісікке қарсы қасиетке ие miRNA ретінде сипатталады және оның экспрессиясының төмендеуі меланома дамуына ықпал етеді. Бұл miRNA меланоциттер мен меланомалық жасушалардағы бірнеше маңызды биологиялық үдерістерге — соның ішінде жасуша циклін реттеу, дифференциация және апоптозға тікелей әсер етеді. miR-137-нің негізгі нысаналарының бірі — *MITF* (Microphthalmia-Associated Transcription Factor) гені [20]. *MITF* қалыпты жағдайда меланоциттердің қызметін реттейді, алайда оның артық белсенділігі меланоманың өсуі мен таралуын жылдамдатуы мүмкін. miR-137 осы фактордың экспрессиясын басу арқылы

ісік жасушаларының пролиферациясын баяулатып, дифференциациялық үдерістерді күшейтеді [21]. Бұған қоса, miR-137 *CDK6* (Cyclin-Dependent Kinase 6) және *EZH2* (Enhancer of Zeste Homolog 2) сияқты басқа да ісікпен байланысты молекулаларды бақылайды. *CDK6* — жасуша циклінің G1 кезеңінен S фазасына өтуіне жауапты негізгі ферменттердің бірі. miR-137 оның деңгейін төмендету арқылы жасуша циклін тоқтатып, ісік жасушаларының көбеюін тежейді. *EZH2* — эпигенетикалық реттеуші белок, ол ісіктің дамуы мен метастаздануында маңызды рөл атқарады. miR-137 *EZH2* белсенділігін шектеу арқылы меланомалық жасушалардың инвазиялық қабілетін азайтады. miR-137 экспрессиясының төмен болуы меланоманың агрессивтілігін арттырып қана қоймай, сонымен бірге ісік жасушаларының емге, соның ішінде химиотерапиялық және таргеттік препараттарға төзімді болуына әкеледі [22]. Ғылыми зерттеулер miR-137 деңгейінің төмендеуі *BRAF* ингибиторларына жауапты әлсірететінін дәлелдеген. Осыған байланысты, miR-137 экспрессиясын қалпына келтіру немесе оның белсенділігін күшейту меланомамен күресте болашағы бар емдік бағыт ретінде қарастырылуда [23]. miR-21 мен miR-137 меланоманың молекулалық биологиясында өзара қарама-қарсы қызмет атқарады. miR-21 онкогендік miRNA ретінде ісіктің өсуін, миграциясын және терапияға төзімділігін күшейтсе, miR-137 керісінше, ісік супрессоры ретінде меланоманың таралуын тежейді. Бұл екі miRNA арасындағы тепе-теңдік ісіктің агрессивтілік дәрежесіне тікелей ықпал етеді, сондықтан оларды клиникалық диагностикада және емдік мақсатта қолдану перспективалы бағыт ретінде қарастырылады [24]. miR-21 деңгейін төмендету және miR-137 экспрессиясын қалпына келтіру меланомамен күресте тиімді терапиялық стратегия бола алады. Қазіргі таңда жүргізіліп жатқан зерттеулер осы екі miRNA-ны мақсатты терапияның жаңа объектілері ретінде пайдалану мүмкіндіктерін қарастыруда. Жалпы алғанда, miRNA-лар меланома патогенезінде маңызды рөл атқарады және олардың экспрессиясын бақылау арқылы жаңа, тиімді ісікке қарсы терапиялық әдістер әзірлеуге болады. miR-21 — ісік дамуын ынталандыратын онкогендік фактор, ал miR-137 — оның өршуін тежейтін ісікке қарсы молекула. Осы miRNA-ларға бағытталған зерттеулер мен оларды клиникалық тәжірибеге енгізу меланоманы емдеудің тиімділігін арттыруға үлкен мүмкіндік береді [25].

1.5 *BRAF* және *MITF* генінің рөлі және оның меланомадағы мутациялары

Зерттеулер нәтижесіне сүйенсек, меланома жағдайларының шамамен 50%-ында *BRAF* генінде мутациялық өзгерістер анықталады. Ең жиі кездесетін түрі — *BRAF* V600E мутациясы, ол валин (V) аминқышқылының глутамин қышқылына (E) ауысуымен сипатталады [26]. Бұл мутация *BRAF* киназасының тұрақты (конститутивті) белсенділігін тудырып, нәтижесінде MEK және ERK сигналды ақуыздарының үздіксіз белсенуіне алып келеді. Мұндай жағдай жасушалардың шамадан тыс бөлінуіне және апоптоз механизмдерінің бұзылуына ықпал етіп, меланоманың жедел прогрессиясын

камтамасыз етеді. *BRAF* мутациясы бар меланомамен ауыратын науқастар, әдетте, *BRAF* ингибиторларына — мысалы, вемурафениб немесе дабрафенибке жақсы жауап береді [27]. Бұл препараттар *BRAF* арқылы іске қосылатын сигналдық жолды басу арқылы ісік жасушаларында жасушалық циклдің тоқтауына және өсуінің баяулауына әкеледі. Алайда, уақыт өте келе, науқастардың көбінде ісік аталған дәрілерге бейімделіп, төзімділік дамытады. Бұл төзімділік көбінесе *NRAS* немесе *MEK* гендеріндегі қосымша мутациялар арқылы іске асады. Осы себепті қазіргі таңда *BRAF* ингибиторларын *MEK* ингибиторларымен (мысалы, траметиниб, кобиметиниб) біріктіре отырып қолдану ұсынылады. Мұндай комбинациялық терапия ісік жасушаларының сигналдық жолдар арқылы бейімделуін тежеуге және ем нәтижелілігін арттыруға бағытталған [28] (4-сурет).


MITF (Microphthalmia-Associated Transcription Factor) — меланоциттердің дифференциациясы, тіршілігін сақтау және пролиферациясы үшін аса маңызды транскрипциялық фактор болып табылады. Бұл ақуыз *TYR*, *TYRP1*, және *DCT* секілді меланогенезге қатысы бар гендердің экспрессиясын реттейді [29]. *MITF* меланоциттер үшін негізгі реттеуші фактор болғандықтан, оның экспрессия деңгейі меланоманың қалыптасуы мен даму үдерісінде маңызды рөл атқарады.

MITF деңгейі төмендеген жағдайда меланомалық жасушаларда инвазиялық қасиеттер күшейіп, метастаз жасау қабілеті артады. Бұл құбылыс эпителиальді-мезенхималық ауысу (EMT) механизмдері арқылы ісік жасушаларының қозғалғыштығын арттырады [30]. Керісінше, *MITF* жоғары деңгейде экспрессияланғанда меланомалық жасушалар дифференциаланған күйде сақталып, олардың өсу қарқыны баяулайды. Алайда, *MITF* экспрессиясының жоғары болуы әрқашан қауіпсіз емес — белгілі бір мутациялық немесе эпигенетикалық өзгерістер оның онкогендік қасиеттерін күшейтуі мүмкін [31].

MITF-тегі E318K мутациясы меланомаға бейімділікті арттыратын маңызды өзгеріс ретінде қарастырылады. Бұл мутация *MITF* ақуызының SUMO (Small Ubiquitin-like Modifier) арқылы модификациялануын бұзады, соның нәтижесінде оның транскрипциялық белсенділігі артады. Мұндай өзгеріс меланоциттердің қатерлі трансформациясын жылдамдатып, меланоманың агрессивтілігін күшейтеді. Сонымен қатар, *MITF* *BCL2* генінің экспрессиясын күшейту арқылы меланомалық жасушаларды апоптоздан қорғайды, яғни олардың тіршілік ету қабілетін арттырады. Осылайша, *MITF* меланома патогенезінде қос қызмет атқара алады: бір жағынан — дифференциация мен баяу пролиферацияны қолдаса, екінші жағынан — белгілі мутациялар кезінде ісік жасушаларының тіршілігін ұзартатын және агрессивтілігін арттыратын фактор ретінде әрекет етеді [32].

BRAF және *MITF* гендері меланоманың молекулалық биологиясында өзара тығыз байланыста жұмыс істейді. Көптеген зерттеулерге сәйкес, *BRAF* мутациясы бар меланомаларда *MITF* экспрессиясы жиі жоғары деңгейде байқалады. Бұл өзара байланыс ісік жасушаларының тіршілік етуін

қамтамасыз етіп, олардың өсуі мен өміршеңдігін қолдайды. Алайда, *BRAF* ингибиторларын қолдану *MITF* деңгейінің төмендеуіне алып келуі мүмкін, бұл өз кезегінде меланомалық жасушалардың миграциялық қабілетін күшейтіп, олардың инвазиялық қасиеттерін арттыра алады [33]. Осыған байланысты, терапиялық араласулар кей жағдайда кері әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар, клиникалық зерттеулер *MITF*-тің *FOXD3* және *AXL* сияқты басқа транскрипциялық факторлармен өзара әрекеттесетінін көрсетеді. Бұл факторлар *BRAF* тежегіштеріне төзімділік механизмдерін реттеуде маңызды рөл атқарады. *MITF* пен осы транскрипциялық факторлардың бірлескен белсенділігі меланоманың *BRAF*-қа тәуелді немесе тәуелсіз формаларының әртүрлі емге жауап беру қабілетін анықтайды. Осы себепті, *MITF* деңгейін және оның басқа факторлармен байланысын зерттеу меланоманың таргеттік терапиясына жауапты болжауға көмектесетін перспективалы бағыт болып табылады [34].



4 Сурет - *BRAF* оң метастатикалық меланомаға төзімділік механизмі.

2 Зерттеу материалдары мен әдістері

2.1 Зерттеуде қолданылатын биоинформатикалық бағдарламалар

Бұл зерттеу жұмыстарында меланома дамуындағы miRNA молекулаларының рөлін, нысана гендер мен биомаркерлерді анықтайтын компьютерлік бағдарламалар қолданылды. miRNA-мен нысана гендердің арасындағы ықтимал байланысын болжау TargetScan және miRDB биоинформатикалық бағдарламаларымен есептеу арқылы жүзеге асты. Гендерің нуклеотидтік тізбектері NCBI-GenBank дерекқорларынан және ғылыми мақалалардан іріктеліп алынды. Зерттеу жұмысында кеңінен қолданылған маңызды биоинформатикалық бағдарламалардың тізімі 1-кестеде көрсетілген.

1 Кесте – Зерттеу жобамызда қолданылған биоинформатикалық бағдарламалар

Бағдарлама	Ақпараттық сілтеме	Сипаттама
NCBI	https://www.ncbi.nlm.nih.gov/	Ұлттық биотехнологиялық ақпараттар орталығы
TargetScan	https://www.targetscan.org/vert80/	miRNA-мен mRNA-дің арасындағы ықтимал байланыстарды болжайтын биоинформатикалық онлайн-платформа
BioRender	https://www.biorender.com/	Ғылыми салаларда пайдаланылатын схемалар мен диаграммаларды визуализациялауға көмектеседі
miRDB	https://mirdb.org/	miRNA мақсаттары мен функционалды аннотацияларды болжауға арналған онлайн мәліметтер базасы.

2.2 NCBI сайтынан гендердің құрылысы мен қызметтерін анықтау

Ұлттық биотехнологиялық ақпарат орталығы (NCBI – National Center for Biotechnology Infotmation) – генетикалық және биологиялық деректерді сақтау, өңдеу және талдау мақсатында құрылған халықаралық деректер базасы. Бұл орталық геномдық, транскриптомдық және протеомдық деректерді жинап, зерттеушілердің қажетті ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етеді. NCBI деректер базасы 2400-ден астам түрлі организмдер

туралы ақпаратты қамтиды. Мұнда прокариоттар, эукариоттар және вирустардың геномдық мәліметтері жинақталған. Сонымен қатар, нәруыздар мен нуклеотидтердің құрылымдық және функционалдық ерекшеліктерін зерттеуге арналған құралдар ұсынылған.

NCBI құрамында RefSeq (Reference Sequence), GenBank, PubMed, BLAST сияқты маңызды дерекқорлар кіреді. RefSeq – тексерілген және аннотацияланған генетикалық реттіліктер жинағы, ол адам және басқа да организмдердің гендік ақпараттарын жүйелейді.

NCBI платформасының басты мақсаты – ғылыми қауымдастық үшін толық әрі сенімді генетикалық мәліметтерді ұсыну және кез-келген түр үшін толық реттілік туралы ақпаратты көрсететін деректер жинағын қамтамасыз ету. Нуклеотидтер мен ақуыздар тізбегін NCBI Map Viewer және Gene бағдарламаларымен анықтауға болады (5-сурет).



5 Сурет – NCBI сайтындағы *BRAF* генінің тізбегін анықтау барысы.

2.3 TargetScan базасымен жұмыс жасау

TargetScan – miRNA мақсатты гендерін болжауға арналған биоинформатикалық дерекқор. Бұл бағдарлама әртүрлі организмдердегі miRNA-дің ықтимал байланысу аймақтарын анықтап, олардың гендік реттеуге әсерін зерттеуге мүмкіндік береді. TargetScan зерттеушілерге белгілі бір miRNA молекуласының қандай гендерді нысанаға алатынын анықтауға көмектеседі және гендік реттелу механизмдерін түсінуге жол ашады. TargetScan дерекқоры онкология, генетика және молекулалық биология саласындағы зерттеулерде кеңінен қолданылады. Әсіресе, ол miRNA-дің рөлін және оның ісікке әсер ететін гендерді реттеу механизмдерін зерттеуге көмектеседі.

Іздеу нәтижелерінде нысанаға алынған гендер немесе miRNA-лар туралы ақпарат көрсетіледі. Әрбір ген үшін miRNA-дің байланысу аймақтары, олардың байланысу тиімділігі, консервация деңгейі және мүмкін болатын әсерлері көрсетіледі. Белгілі бір miRNA молекуласының қандай генді нысанаға алатынын анықтау үшін, miRNA атауын енгіземіз (6-сурет), ал геннің қандай miRNA молекулаларының әсеріне ұшырайтынын анықтау үшін ген атауын немесе оның RafSeq идентификаторын енгізу керек (7-сурет).

Search for predicted microRNA targets in mammals [\[Go to TargetScanMouse\]](#)
[\[Go to TargetScanWorm\]](#)
[\[Go to TargetScanFly\]](#)
[\[Go to TargetScanFish\]](#)

1. Select a species

AND

2. Enter a human gene symbol (e.g. "Hmga2")
or an Ensembl gene (ENSG00000149948) or transcript (ENST00000403681) ID

AND/OR

3. Do one of the following:

- Select a broadly conserved* microRNA family
- Select a conserved* microRNA family
- Select a poorly conserved but confidently annotated microRNA family
- Select another miRBase annotation

Note that most of these families are star miRNAs or RNA fragments misannotated as miRNAs.
- Enter a microRNA name (e.g. "miR-9-5p")

6 Сурет – miR-21 қандай гендерді нысанаға алатынын анықтау барысы.

Search for predicted microRNA targets in mammals [\[Go to TargetScanMouse\]](#)
[\[Go to TargetScanWorm\]](#)
[\[Go to TargetScanFly\]](#)
[\[Go to TargetScanFish\]](#)

1. Select a species

AND

2. Enter a human gene symbol (e.g. "Hmga2")
or an Ensembl gene (ENSG00000149948) or transcript (ENST00000403681) ID

AND/OR

3. Do one of the following:


- Select a broadly conserved* microRNA family
- Select a conserved* microRNA family
- Select a poorly conserved but confidently annotated microRNA family
- Select another miRBase annotation

Note that most of these families are star miRNAs or RNA fragments misannotated as miRNAs.
- Enter a microRNA name (e.g. "miR-9-5p")

7 Сурет – *BRAF* генінің қандай miRNA молекулаларының әсеріне ұшырайтынын анықтау барысы.

2.4 BioRender платформасы: биологиялық процестерді визуализациялау құралы

BioRender – ғылыми және биомедициналық зерттеулерге арналған кәсіби иллюстрациялар жасауға мүмкіндік беретін онлайн-платформа. Бұл ресурс биологтар мен зерттеушілерге күрделі молекулалық, жасушалық және физиологиялық процестерді визуалды түрде көрсетуге көмектеседі. BioRender платформасы алдын ала дайындалған элементтерді пайдалана отырып, жылдам әрі сапалы ғылыми суреттер жасауға мүмкіндік береді. Ғылыми тұрғыдан нақтыланған молекулалар, жасушалар, тіндер, органдар және биологиялық процестерді сипаттайтын мыңдаған иллюстрациялар жинағы бар бағдарлама. Ол молекулалық биология, генетика, фармакология, медицина және биотехнология салаларында кеңінен қолданылады. BioRender – биологиялық және медициналық процестерді визуализациялау үшін қолайлы құрал. Оның қарапайым интерфейсі мен кәсіби шаблондары ғалымдар мен зерттеушілерге ғылыми ақпаратты тиімді ұсынуға көмектеседі (8-сурет).



8 Сурет – BioRender платформасында жұмыс жасау барысының скриншоты.

2.5 miRDB программасы бойынша miRNA молекулаларын анықтау

miRDB — miRNA молекулаларының нысана гендерін болжауға арналған дербес биоинформатикалық ресурс болып табылады. Бұл база негізінен Machine Learning (машиналық оқыту) әдістеріне сүйене отырып құрастырылған және әртүрлі биологиялық үлгілерден алынған тәжірибелік деректерге негізделген. miRDB базасында пайдаланушылар белгілі бір miRNA

үшін ықтимал нысана гендерді іздей алады немесе белгілі бір генге әсер ететін miRNA молекулаларын анықтай алады (9-сурет).

9 Сурет – miRDB программасында miR-21 молекуласының нысана гендерін анықтау барысы.

Сонымен қатар, мұнда әрбір болжамның сенімділік деңгейі мен функционалдық маңызы көрсетілген. Деректер үнемі жаңартылып отырады және ғылыми қауымдастықтың зерттеулеріне қолжетімді етілген. miRDB ресурсы, әсіресе аурулар патогенезін зерттеу және жаңа биомаркерлік молекулаларды іздеу мақсатында кеңінен қолданылады. Мұнда 3'-UTR тізбектерін анақтай аламыз және ол үшін NCBI RefSeq дерекқорын қолданамыз (10-сурет).

MicroRNA and Target Gene Description:			
miRNA Name	hsa-miR-21-3p	miRNA Sequence	CAACACCAGUCGAUGGGCUGU
Previous Name	hsa-miR-21*		
Target Score	98	Seed Location	642, 2944, 4512
NCBI Gene ID	57526	GenBank Accession	NM_001184880
Gene Symbol	PCDH19	3' UTR Length	4650
Gene Description	protocadherin 19		

3' UTR Sequence	
1	accagtctcc aggaagaaga gaaagaaacc acactggcta gtgaagaagc aggagcttct
61	tgttttaatt gctcaccaat ggttggttct tgagtggcta tatttcagag cttttcctaa
121	atgtattgtt tataagtgat tatcattctg tgacagtccc ttgtttcaac aggcagcagg
181	ggtgttcagt tggagcaaat tagctttggc ttgagttgtt catggggcct tgatgttggg
241	gaaacagaga caaattcagt tgtgaaaagt attatgtatt aagtgttga atttatatat
301	ttttctatgt caaaattata atataaatta ccattgtttg tggaggatta catttaaaaa
361	agcaaaaagt gaaaaaaaaa agctctggac acctttaata agctcgccac tgttttttgt
421	agtgtagaca agttaatggt catttattgt gtactattca ttgattcagt gatgtgaaat
481	tgagccccc aaaggttgtt tctgaagctc gagtacttcc caatgccgct actttgctgt
541	ggacacccct gctttaaaaa cccttttgct agctgtgcta ttgttgatt tgatattgca
601	aattgctatg tgtgtggtga tggcaaaagg cttttaaaag ttgggtttt ctttttctta
661	aaaaaataat aaaactacag acaaaaacaa agtgcaaaac actgagacag caaatgaatg

10 Сурет – miRDB-дан алынған болжамды нысана ген деректерінің скриншоты.

3 Нәтижелер мен талқылаулар

3.1 Меланома патогенезіне қатысы бар маңызды miRNA молекулаларын және гендерін биоинформатикалық мәліметтер базалары негізінде анықтау

Меланома патогенезіне қатысы бар miRNA молекулалары мен гендерін анықтау барысында TargetScan және miRDB бағдарламаларын қолдандық. Бұл бағдарламалардың нәтижесінде меланома патогенезіне қатысы бар miR-9-5p, miR-137, miR-21, miR-155, miR-182, miR-211, miR-34a, miR-149, miR-125b, miR-23b, miR-100, miR-26a, miR-200c, miR-205, miR-203, miR-299-3p, miR-504, miR-612 молекулалардың *BRAF*, *MITF*, *PTEN*, *CDKN2A*, *NRAS*, *SOX10*, *CCND1*, *EGFR*, *VEGFA*, *MDM2*, *KIT*, *FOXO3*, *IGF1R*, *RAC1* сияқты нысана гендермен байланысатыны анықталды (2-кесте).

2 Кесте – miRNA мен нысана гендердің өзара әрекеттесуі

Ген	Геннің толық атауы	miRNA	miRNA тізбегі	Орналасу аймағы	Функционалдық әсері
<i>BRAF</i>	B-Raf proto-oncogene, serine/threonine kinase	miR-9-5p	AGUGGUGUAU CUCUUGCUUG U	7q34 (140,713,327 – 140,924,764)	Пролиферацияны жоғарылатады, ісік түзілуіне ықпал етеді
<i>MITF</i>	Microphthalmia-associated transcription factor	hsa-miR-137	UUAUUGCUUA AGAAUACGCG UAG	3p13 (69,211,680 – 69,271,554)	Меланоциттердің саралануын реттейді
<i>PTEN</i>	Phosphatase and tensin homolog	hsa-miR-21, hsa-miR-214	UAGCUUAUCA GACUGAUGUU GA	10q23.31 (87,863,932 – 87,971,930)	Ісіктің супрессоры, апоптозды күшейтеді
<i>CDKN2A</i>	Cyclin-dependent kinase inhibitor 2A	hsa-miR-146b, hsa-miR-217	UGAGAACUGA AUUCCAUGGC UA	9p21.3 (21,972,936 – 22,000,408)	ДНҚ репарациясын және апоптозды белсендіреді
<i>NRAS</i>	Neuroblastoma RAS viral oncogene homolog	hsa-miR-340, hsa-miR-196b	GCUGUUGAGU CAUCUUGGCU AU	1p13.2 (114,704,308 – 114,717,094)	MAPK сигнал жолын белсендіреді
<i>SOX10</i>	SRY-box transcription factor 10	hsa-miR-200c, hsa-miR-155	UAAUACUGCC UGGUAUUGAU GGA	22q13.1 (38,290,167 – 38,324,181)	Меланоциттердің дифференциациясы мен тіршілігін реттейді

2-кестенің жалғасы

<i>CCN D1</i>	Cyclin D1	hsa-miR-16, hsa-miR-195	AGUUUGGACU UUAGCCAUGG UU	11q13.3 (69,441,607 – 69,457,150)	Ұяшық циклін жылдамдатады, ісіктің өсуін ынталандырады
<i>EGFR</i>	Epidermal growth factor receptor	hsa-miR-7, hsa-miR-27b	UGGACGGAGG UGAGACUCUG UU	7p11.2 (55,019,032 – 55,207,437)	Пролиферацияны жоғарылатады, ісіктің дамуына ықпал етеді
<i>VEGF A</i>	Vascular endothelial growth factor A	hsa-miR-200b, hsa-miR-15b	UAAUACUGCC UGGUAAUGAU GGA	6p21.1 (43,748,582 – 43,770,920)	Ангиогенезді белсендіреді, ісіктің өсуіне ықпал етеді
<i>MDM 2</i>	Mouse double minute 2 homolog	hsa-miR-605, hsa-miR-181b	AGGCACUUUG UAGUUGCACU AC	12q15 (68,903,953 – 68,925,495)	TP53 тежейді, ісіктің өсуін ынталандырады
<i>KIT</i>	KIT proto- oncogene receptor tyrosine kinase	hsa-miR-221, hsa-miR-222	AGCUACAUG UCUGCUGGGU UUC	4q12 (55,964,872 – 56,100,011)	Пролиферацияны арттырады, меланоманың дамуына ықпал етеді
<i>FOX O3</i>	Forkhead box O3	hsa-miR-27a, hsa-miR-182	UGGAGUCGUG AGUCUCCUGG AC	6q21 (108,882,429 – 108,951,725)	Апоптозды белсендіреді, ісіктің дамуын тежейді
<i>IGF1 R</i>	Insulin-like growth factor 1 receptor	hsa-miR-486, hsa-miR-98	UCCAGGAAGG UGACUGGAAG GU	15q26.3 (97,032,893 – 97,135,854)	Пролиферацияны жоғарылатады, меланоманың агрессивтілігін арттырады
<i>RAC1</i>	Rac family small GTPase 1	hsa-miR-142-3p, hsa-miR-30a	UAUUGCUUAU AGUGAUAGUU GU	7p22.1 (6,350,814 – 6,390,628)	Ұяшық миграциясын және инвазияны арттырады


2-кесте бойынша алынған miRNA бірнеше нысана гендермен байланыса алатынын байқадық, соның ішінде көрсеткіштері жоғары miRNA түрлерін таңдап алған болатынбыз. Бұл miRNA-лар меланома патогенезіне қатысы бар маңызды молекулалар болып саналады. Кестеде көрсетілген miRNA-мен байланысқан нысана гендер меланома қатерлі ісік ауруында негізгі гендер болып саналады.

3.2 Биоинформаткалық TargetScan бағдарламасының көмегімен есептелінген жұмыстың нәтижелері

Жоғарыда жазылған гендер мен miRNA-лардың бірнешеуіне мысал ретінде сипаттама беріп кеттік:


BRAF – серин/треонин протеинкиназаларының RAF тұқымдасына жататын ақуызды кодтайтын ген. Бұл ген ақуыз жасушаларының бөлінуіне, дифференциациясына және секрециясына әсер ететін MAP киназа/ERK сигнал беру жолын реттеуде маңызды рөл атқарады. Бұл гендегі мутациялар, әсіресе, 600 мутациясы меланомада қатерлі ісік тудыратын ең жиі кездесетін мутация болып саналады [35].

TargetScan бағдарламасы арқылы жүргізілген биоинформатикалық талдау нәтижелері *BRAF* генінің 3'-UTR аймағында hsa-miR-9-5p молекуласына арналған ықтимал байланысу орны бар екенін көрсетті (11-сурет).



11 Сурет - *BRAF* генінің ENST0000288602.6 транскриптінің 3'-UTR бөлігін көрсетеді.

11-суретте көрсетілгендей, *BRAF* генінің 3'-UTR аймағының жалпы ұзындығы 584 нуклеотидті құрайды. Қызыл түспен белгіленген сызық 3'-UTR сегментін көрсетіп, оның ұзындығын бейнелейді. Ал көк түспен белгіленген аймақ *BRAF* генінің транскрипцияланған нақты сегментіне сәйкес келеді. Сонымен қатар, *BRAF* генінің 3'-UTR бөлігі miR-9-5p miRNA-мен байланысуға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде *BRAF* генінің экспрессиясын реттеу процесіне ықпал етуі мүмкін. Яғни, miR-9-5p молекуласы *BRAF* генінің транскрипциясын төмендету арқылы mRNA деградациясын жылдамдатуы ықтимал. TargetScan бағдарламасында *BRAF* генінің әртүрлі организмдердегі нуклеотидтер жиынтығын және miR-9-5p молекуласымен байланысын көрсетеді (12-сурет).



12 Сурет – TargetScan биоинформатикалық құралдан алынған скриншот.

12-суреттің жоғарғы кестесінде эволюциялық консервация жазылған. Көк түспен белгіленген бөліктер әртүрлі организмдерде жақсы сақталған нуклеотидтер, ал қара сызықтар – сол аймақта нуклеотидтердің жоқ екенін білдіреді, жасыл түспен белгіленген жерлер hsa-miR-9-5p miRNA үшін болжамды байланысу орны болып саналады. Бұл кестенің маңыздылығына келетін болсақ, неғұрлым miRNA-дің мақсатты аймағы көптеген организмдерде сақталған болса, онда оның биологиялық маңызы жоғары болуы мүмкін.

Төменгі бөлікте hsa-miR-9-5p мен *BRAF* генінің болжамды байланысу орны көрсетілген. Байланысу орны 8mer, яғни miRNA-дің 8 нуклеотидіне сәйкес, бұл жоғарғы ықтимал байланысу түрі болып саналады. Context++score -0.63-ке тең, бұл мән неғұрлым теріс болған сайын, *BRAF* генінің экспрессиясы miR-9-5p әсерінен төмендейтіні көрсетіледі. Консервация деңгейі 99%-ға тең, бұл аймақ көптеген организмдерде сақталған, яғни оның функционалдық маңызы жоғары, ал прогноздық салыстырмалы KD (байланысу аффиндігі) 2,705 ке тең, бұл осы miR-9-5p-ның *BRAF* генімен болжамды байланысу коэффициенті болып саналады.

Осы нәтижелерден *BRAF* гені үшін miR-9-5p молекуласы меланома патогенезінде үлкен рөл атқаратыны, одан бөлек қосымша ақпараттар бере алатыны байқалады. Алынған деректер болашақта эксперименттік зерттеулер жүргізу үшін негіз бола алады, сондай-ақ hsa-miR-9-5p молекуласын меланомаға қарсы ықтимал биомаркер немесе терапиялық нысана ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.


Енді осы биоинформатикалық бағдарлама арқылы miRNA зерттеген болатынбыз, соның ішінде miR-21-ге тоқталдық (13-сурет).

Human miR-21-5p/590-5p																			
384 transcripts with conserved sites, containing a total of 414 conserved sites and 138 poorly conserved sites.																			
Please note that these predicted targets include some false positives. [Read more]																			
Genes with only poorly conserved sites are not shown. [View top predicted targets, irrespective of site conservation]																			
Table sorted by cumulative weighted context++ score [Sort table by predicted occupancy] [Sort table by aggregate P_{C1}]																			
The table shows at most one transcript per gene, selected for being the most prevalent, based on 3P-seq tags. [Download table]																			
Target gene	Representative transcript ENST00000...	Gene name	Number of 3P-seq tags supporting UTR + 5	Link to sites in UTRs	Conserved sites				Poorly conserved sites				Representative miRNA	Predicted occupancy			Cumulative weighted context++ score	Total context++ score	
					total	8mer	7mer-m8	7mer-A1	total	8mer	7mer-m8	7mer-A1		8mer sites	mod miRNA	high miRNA			trans-fected miRNA
BRWD1	0342449.3	bromodomain and WD repeat domain containing 1	96	Sites in UTR	1*	0	0	0	4	1	2	1	4	hsa-miR-590-5p	0.0062	0.0434	0.2472	-0.83	-1.85
ZNF367	0375256.4	zinc finger protein 367	325	Sites in UTR	2	2	0	0	1	0	1	0	0	hsa-miR-21-5p	0.0349	0.2344	1.0980	-0.72	-0.72
